

Д ЖОЛДАУ ЖҮГІ

АҚПАРАТТЫҚ АЙЛА-ШАРҒЫЛАРҒА ҚАРСЫ ТҮРАТЫН «КИММУНИТЕТ» ҚАЗЕТ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы елдің алдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарына арналды.



Ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету, елдің қорғаныс қабілеті, мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздік, азаматтардың әл-ауқатының артуы, экономикалық өсім, ғылым, технология және білім, денсаулық сактау ісі, мәдениет, экология және таигатты гиімді пайдаланау түріндегі стратегиялық ұлттық басымдықтарды іске асыру арқылы жүзеге асырылады. Осы орайда, 2021 жылы 1 қыркүйектегі Президент Жолдауында «Віз орта-

пты ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қазіргі саяси шынайылыққа сай миграциялық саясатты әзірлеу үшін жағдайды ескеру қажеттілігін анықтайды. Ішкі миграцияның шешімін табу үшін, Жолдауда мемлекет басшысы Үкіметке оңтүстіктен солтүстікке көшіп жатқан азаматтарға жәрдемақы бөлудің қолданыстағы тәсілдерін қайта қарауы қажеттілігін ерекшеледі.

Шет елдерде енбек миграциясы үшін қолайлыш жағ-

дент Жолдауында «Біз орта мерзімді экономикалық саясатымызды айқындалп, мемлекеттік бастамаларды реттеу үшін 2025 жылға дейінгі дамудың Үлттық жоспарын және Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін қабылдадық. Үлттық жобалар бекітілетін болады» деп айқындалып отыр.

Қоғам мүшелерінің қажеттілігін мемлекеттің қамтамасыз етіуі және үлтты ішкі, сыртқы қауіптерден қорғауды көздеңен Жолдаудың өзегін адам, үлт, халық дөнсаулығы, үлттық мұdde қурайды және Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру мақсатында қызмет ететін саяси басшылықтың негізгі векторы болып табылады.

Республикадағы қазіргі саяси-экономикалық дамудың басты факторы - өмір сапасының, әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктердің, өмір сұру салты мен өзін-өзі жүзеге асыру әлеуетінің айырмашылығынан туындаиды. Бұл мәселе саяси жағдайға, дамудың тұрақтылығы мен халықтың қауіпсіздігіне үлкен ықпалын тигізетін фактор. Жолдаудағы басты наزار елдің экономикалық жағдайын арттыруға бағытталған. Мемлекет басшысы «Пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму», «Өңірлік саясатты жетілдіру», «Енбек нарығында тиімді әкожуие қалыптастыру» бағыттарында маңызды шаралар ұсынып отыр.

Жолдауда миграцияға байланысты мәселелердің көтерілуі де орынды. Қазіргі кезеңдегі миграцияның ауқымы, олардың бағыты мен қоғамдық-саяси салдары мәселені қоғамдық-саяси процесс ретінде жаңа тұрғыдан зерделеуді қажет етеді. Миграциялық ағындар мемлекеттегі экономикалық, демографиялық, діни, этническі жағдайға, оның саяси тұрақтылығы мен дамуына тікелей ықпал ететін дүние. Бұл үдерістің бұқаралық си-

шет етілерде еңбек миграциясы үшін қолайлыш жағдайларды өз азаматтары үшін жасау мемлекеттің маңызды бағыты. Енбек миграциясы бойынша нормативтік-құқықтық базаның жеткіліксіздігі шетелде отандастарымыз үшін біршама қызындықтар туғызу да және кебінесе қазақтар заңсыз мигрант атануда. Осы мәселені мемлекеттік деңгейде реттеу маңызды. Осыған байланысты Президент Жолдауда «Үкімет Қоші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасын әзірлеуге тиіс. Онда шетелдерде жұмыс істегі жүрген өз азаматтарымыздың құқықтарын қорғау тәсілдері де көрініс тапқаны жөн» деп айқындауы өте маңызды.

Жолдауда, «Қазір – галамтор дәуірі. Ондағы бейберекет ақпарат тасқыны үрпақтың санасын улап жатыр. Бір сәттік танымалдықты көксейтін тамырызсыз идеялар жаппай белен алуда. Бұл – аса қатерлі үрдіс» екендігі айтылған. Біздің елге ақпараттық айла – шарғыларға қарсы тұратын «иммунитет» қажет. Ол үшін біріншіден, реисми билік тарапынан дер кезінде шынайы ақпараттарды халыққа жедел түрде жеткізу қажет.

Екіншіден, аналитикалық хабарламалар, болжау әрекеттерін жүргізетін ірі аналитикалық-сараптама орталықтарын ашу да маңызды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, елімізде орталықтандырылған, қоғамның сан саласын қамтитын, ақпараттық қауіпсіздігімізді өте жогары деңгейде қамтамасыз ететін, өз ісінің білікті мамандары Отан үшін терін төгетін, беделді «Қазақстан Республикасының Үлттық сараптама орталығын» құру қажеттілігі туындалп отыр.

**Сәкен МӘЖІНБЕКОВ,
М.Әуезов
атындағы ОҚУ-нің
проректоры,
ф.ғ.к., доцент,
саясаттанушы**